



Мемлекет басшысы жасанды интеллектіні дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді

Кеңеске Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері қатысты.

Президент қазір дүние жүзінде жасанды интеллектінің қарқынды дамуына байланысты сипаты мүлде жаңа технологиялық өзгерістер болып жатқанын атап өтті.

— Бұл технология әлемдегі барлық елдің дамуына тікелей әсер етуде. Қазір онсыз жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін емес. Озық технологиялар ұлт дербестігінің кепіліне, экономикалық өсімнің қозғаушы күшіне айналуға. Біз жасанды интеллект саласында бірқатар жетістікке қол жеткіздік, бірақ босаңсуға болмайды. Осы стратегиялық бағытта табанды жұмыс істеуіміз керек. Бұл жұмысқа мен ең маңызды басымдықтың бірі ретінде қараймын. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясының (UNCTAD) болжамы бойынша 2033 жылға қарай жасанды интеллект нарығының ауқымы 4,8 триллион долларға жетуі мүмкін. Ал оның ғаламдық технологиялық индустриядағы үлесі 7 пайыздан 29 пайызға дейін артады. Бұл, әрине, теңдесі жоқ өсім болмақ. Жасанды интеллект дамудың жаңа мүмкіндіктеріне кеңінен жол ашады, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, қазір бұл саладағы бәсеке күшейді. Мемлекет басшысы жасанды интеллект барлық саланың қозғаушы күші болуға тиіс деп санайды. Оның пікірінше, ЖИ — еліміздің инновациялық дамуының, цифрлық дербестігінің тірегі.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттің цифрлық саясатына арқау болатын тоғыз басым бағытқа жеке-жеке тоқтала келе — Қазір ChatGPT қағидатымен жұмыс істейтін кейбір жобалар енгізіліп жатыр. Бұл тәсілдер азаматтардың өтініштеріне жауап беруге септігін тигізуде. Дегенмен мұны алдағы үлкен жұмыстың алғашқы қадамы ғана деуге болады. Озық технологияның әлеуеті бұдан әлдеқайда жоғары. Жасанды интеллект мемлекеттік аппараттың жұмысын мейлінше жеңілдетуі керек. Бұл — өте маңызды



міндет. Қазақстанда қызметтердің басым бөлігі әлі де «цифрлық фиксация» күйінде. Яғни құжаттар электронды түрде беріледі, өңделеді, бірақ рәсімдеудің өзі мемлекеттік қызметшінің араласуын талап етеді. Шын мәнінде, бұл — қағаз жүзіндегі бюрократияны цифрлық форматқа көшіру ғана. Бұдан тиімділік еш артқан жоқ. Біз жасанды интеллектіні қолданып, қандай қызметтерді толық өзгертуге болатынын нақты айқындап алуымыз керек. Ал одан босаған ресурстарды басқа да күрделі әрі пайдалы жұмыстарға жұмсауға болады. Сондықтан Үкімет үш айдың ішінде мемлекеттік қызмет көрсету саласына жасанды интеллектіні енгізу бойынша нақты шаралар әзірлеуі керек. Әсіресе, өтініштерді қарау және шешім қабылдау жұмысында кеңінен пайдаланған жөн. Бізге тұтас мемлекеттік басқару жүйесінде қолдануға болатын нақты тетіктер өте қажет, — деді.

Мемлекет басшысы денсаулық сақтау саласында жасанды интеллект технологиясын пайдаланудың маңызына назар аударды. Оның айтуынша, медицина саласында ауқымды ақпарат жинақталған. Жасанды интеллект көмегімен олардың негізінде дұрыс диагноз қоюға, ем-шара тағайындауға және науқастарға мониторинг жүргізуге арналған құралдар дайындауға болады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект саласын реттеу тетіктерін жетілдіруді тағы бір маңызды міндет ретінде айқындады. Оның айтуынша, бүкіл әлемде жасанды интеллектіні пайдаланудың құқықтық негізі белсенді қалыптасып жатыр.

Президент цифрлық инфрақұрылымды дамытудың маңызына назар аударып, Үкімет мүшелеріне ABCDE моделі (AI, Big data, Cloud, Data Centers, Education) негізінде ұлттық цифрлық ландшафт құрылымын қайта қарау туралы тапсырма берілгенін еске салды.

Президент бүкіл мемлекеттік және квазимемлекеттік цифрлық экожүйені біртұтас платформаға көшіруді тапсырып, деректерді басқару тиімділігін арттыру, сондай-ақ киберқауіпсіздікті күшейту мәселесін көтерді.

Одан әрі Мемлекет басшысы ақпараттық жүйелердің осал тұстарына тоқталды.

— Жыл басынан бері деректердің қолды болуына байланысты 40-тан астам факті тіркелді. Ең ірі оқиға маусым айында болды. Мұндай инциденттердің басым бөлігі жеке секторда орын алады. Бірақ мемлекет еліміздегі цифрлық қауіпсіздіктің жалпы деңгейіне толық жауап беруге міндетті. Киберқауіпсіздік саласындағы бүгінгі ахуал құзыреттердің

дұрыс бөлінбеуі және шашыраңқылығы салдарынан күрделеніп отыр. Бір жағынан ақпараттық қауіпсіздікке Цифрлық даму министрлігі құрамындағы Ақпараттық қауіпсіздік комитеті мониторинг жүргізеді. Екінші жағынан қауіпсіздік талаптары бойынша техникалық сынақтар жүргізу және сертификаттау Ұлттық қауіпсіздік комитетіне бағынышты Мемлекеттік техникалық қызмет құзырында. Бірыңғай басқару вертикалінің болмауы және функциялардың қайталануы мемлекеттік органдардың киберқауіпке қарсы баяу әрекет етуіне себеп болады. Бұл жағдайды тез арада түзеу керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қорғалған коммуникацияны қамтамасыз етуді тағы бір маңызды міндет ретінде атады. Мемлекет басшысы өскелең ұрпақтың жасанды интеллектіні дұрыс қолдана білуі маңызды екенін ескертті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, мұны елімізде жүргізіліп жатқан цифрлық бетбұрыстың негізгі шарты десек болады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы инвестиция мен дарын иелеріне қолайлы жағдай жасаудың маңызына тоқталды.

Президент Үкіметке отандық стартаптардың экспортқа шығуына қолдау көрсету үшін кешенді шаралар әзірлеу, сондай-ақ «цифрлық елшілер» институтын қайта қарау міндетін жүктеді.

Кеңес барысында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов баяндама жасады. Сонымен қатар талқылауға Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев, Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Премьер-министрдің орынбасарлары Ермек Көшербаев пен Қанат Бозымбаев, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай қатысты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПӘН ОЛИМПИАДАЛАРЫ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада халықаралық пән олимпиадалары жеңімпаздарымен және жүлдегерлерімен кездесті. Іс-шараға 24 лауреат, атап айтқанда, 4 алтын, 11 күміс және 9 қола медаль иегері шақырылды. Оқушылар химия, математика, физика, география, информатика және биология пәндерінен үздік нәтиже көрсеткен.

Президент жастарды, ең алдымен, білім әлеміндегі жеңістерімен құттықтап, шынайы ризашылығын білдірді. Олардың халықаралық беделді білім сайыстарында топ жарып,

Қазақстанның атын әлемге паш етуін зор жетістік ретінде бағалады.

— Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығу, әлемдік жарыста жеңіске жету оңай емес. Білімге деген ұмтылыстың, нағыз еңбекқорлық пен табанды іс-әрекеттің арқасында осындай биікке шығып жатсыздар. Расында, дарынға ие болу, бұл — бақыт. Бірақ жай ғана еңбексіз дарын жетістіктің кепілі бола алмайды. Дарынның көзін ашу керек және оны толығымен пайдалана білу қажет. Әр жеңіс, әр медаль тынымсыз ізденіспен, маңдай термен, үздіксіз дайындықпен келеді, — деді Мемлекет басшысы.

Президент шәкірт қабілетін ұштаған ұлағатты ұстаздар мемлекеттік марапатқа лайық екенін жеткізіп, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеген ата-аналарға алғыс айт-

ты. Қазақстанның болашағы — жасампаз жастардың қолында екеніне назар аударып, ұл-қыздарымыз әрдайым үздіктер қатарынан табылатынын атап өтті.

— Жастарымыз жаһандық спорт және өнер додаларында жеңімпаз атанып, туымызды көкте желбіретіп жүр. Білім саласындағы беделіміз де артып келе жатыр. Былтырдан бері оқушыларымыз 30-дан астам халықаралық олимпиада мен ғылыми жарысқа қатысып, мыңға жуық медаль алды. Оның 200-ге жуығы — алтын, 300-ден астамы — күміс, ал 500-ге жуығы — қола медаль. Бұл тамаша көрсеткіш Қазақстандағы білім сапасының деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Тағы да қайталап айтамын, біз әлемдік жарыста ел намысын қорғаған әр жеңімпазды мақтан тұтамыз. Сіздерді еліміздің бетке

ұстар, лайықты азаматтары деп санаймын. Болашақта да Қазақстанның одан әрі дамуына қомақты үлес қосатындарыңызға кәміл сенемін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға барынша жағдай жасау мемлекеттің басты міндетінің бірі екеніне тоқталды. Бұл бағытта ауқымды іс атқарылып жатыр. Бірақ негізгі жұмыс әлі алда. Президенттің пікірінше, халықаралық беделді олимпиадалардағы жастардың жетістіктері ұлтымыздың зияткерлік қуаты мен өскелең ұрпақтың зор әлеуетін танытады.

Мемлекет басшысы халықаралық жарыстарда топ жарып, алтын, күміс және қола медаль иеленген жастарға 1500, 1000 және 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қаржылай сыйақы сертификаттарын салтанатты түрде табыстады.

«Көшбасшы» жастар сыйлығына биыл алғаш рет «Үздік жас жұмысшы маман» номинациясы қосылды

Халықаралық жастар күніне арналған «JetFlow» онкүндігі аясында Жетісу облысы әкімінің «Көшбасшы – 2025» жастар сыйлығын тапсыру салтанаты өтті. Биыл сыйлық 12 номинация бойынша берілді. Олардың ішінде алғаш рет «Үздік жас жұмысшы маман» номинациясы тағайындалды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жеңімпаздарды облыс әкімі атынан облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов құттықтады.

- Бүгінгі таңда Жетісу облысында 14 пен 35 жас аралығында 200 мыңға жуық жас бар. Солардың арасынан өз саласында жетістікке жетіп, елдің дамуына үлес қосып жүрген үздіктерді «Көшбасшы» жастар сыйлығымен марапаттау – жыл сайынғы игі дәстүр. Осы сыйлықтың бір ерекшелігі – Жұмысшы мамандықтар жылы аясында биыл «Үздік жас жұмысшы маман» жаңа номинациясы енгізіліп отыр. Бұл – еңбек адамына деген құрмет, жұмысшы жастардың қоғамдағы маңызын айқындайтын игі бастама, - деп атап өтті облыс әкімінің орынбасары.

Биылғы жастар сыйлығында өңірдегі 500 келінді қамтыған «Жетісудың үздік келіні» жобасының авторы Арайлым Әлімжанова «Үздік жас қоғам белсендісі», талдықорғандық кондитер Жазила Темірбекова «Үздік жас кәсіпкер», облыстық «Жетісу» газетінің саясат және құқық бөлімінің меңгерушісі Айдар Қалиев



«Үздік жас журналист», ауыр атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, екі дүркін Азия чемпионы Әлихан Әскербай «Үздік жас спортшы» атанды. «Х-фактор» жобасының финалисі, бірқатар халықаралық және республикалық конкурстардың жеңімпазы, облыстық Д. Рақышев атындағы филармонияның әншісі Ақбота Сабыржанова «Мәдениет саласының үздік жас көшбасшысы», Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасының лор дәрігері Темірлан Қылышбеков «Медицина саласының үздік жас көшбасшысы», Ақсу ауданындағы «Абубек» ШҚ басшысы, көп балалы әке

Елдос Әбубеков «Ауыл шаруашылығы саласының үздік жас көшбасшысы» деп танылды. Жалпы облыстың қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосып жүрген жастар 12 номинация бойынша марапатталды. Әр жеңімпазға марапат ретінде арнайы статуеткалар, дипломдар мен сертификаттар табысталды.

Биылғы «Үздік жас жұмысшы маман» номинациясының жеңімпазы, «АқсуҚант» зауытының орталық зертханасының меңгерушісі Аруна Кенжеханова өз әсерімен бөлісті.

- Қант зауытында 4 жылдан бері

жұмыс істеймін. Мамандығым технолог, Алматыда оқыдым. Маған өзімнің жұмысым ұнайды, кәсіпорнымыздың дамуына барынша өз үлесімді қосуға тырысамын. Бұл саланың маңызы зор, өйткені қызылша өсіру, қант өндіру салалары – біздің өңіріміздің экономикасының басым бағыттарының бірі. Кез келген кәсіпте әркім өз ісін жақсы көріп, өз еліне пайда әкелуге ұмтылса, табысқа жете алады, - дейді А.Кенжеханова.

Көксу ауданынан «Үздік жас отбасы» номинациясын жеңіп алған көп балалы Жанғабыловтар отбасы да пікір білдірді. Отағасы Әлішер Жанғабылов Көксу аудандық мәдениет үйінің директоры болып жұмыс істейді. Ал оның жұбайы - Мұқыры халық театрының актрисасы, «Үздік келін-2022» байқауының жеңімпазы, қоғам белсендісі, блогер Айнұр Алтынбекова.

- Отбасын құрғанымызға 8 жыл. Төрт бала тәрбиелеп отырмыз. Ең үлкен қызымыз бірінші сынып оқиды, ал кіші баламыз 4 айлық. Осы конкурсқа қатысуға өтініш бергенде жеңімпаз боламыз деп ойлаған жоқпыз. Басқа жас отбасыларға үлгі болудың өзі – үлкен мәртебе әрі жауапкершілік. Барлық жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз, өңіріміздің жастары өсіп-өне берсін, - деді Ә.Жанғабылов.

Атап өтсек, биыл жастар сыйлығын алуға 100-ден астам адам үміткер болды. Арнайы құрылған комиссияның шешімімен олардың 12-сі өз саласында үздік деп танылды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Жетісуда жаңа оқу жылында жалпы саны 900 орынды екі жаңа мектеп қолданысқа беріледі

Биыл Жетісу облысында жаңа оқу жылы басталғанға дейін «Келешек мектебі» жобасымен Алакөл ауданы Достық ауылында 600 орындық орта мектептің, сондай-ақ Панфилов ауданы Лесновка ауылында 300 орындық орта мектептің құрылысы аяқталып, іске қосылады. Сол сияқты Ақсу, Кербұлақ аудандарында тағы екі мектеп жылдың соңына дейін қолданысқа беріледі. Оған қоса тағы 8 білім беру нысанына күрделі жөндеу жүргізілуде, соның 6-уының құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, қазір білім мекемелерінде жаңа оқу жылына дайындық қызу жүріп жатыр. Соның ішінде жылыту маусымына дайындық жұмыстары да басты назарға алынған. Білім беру мекемелеріне бүгінгі күнге сұйық және қатты отын, сол сияқты пеллет отыны жеткізілуде. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға көңіл бөлініп, жыл соңына дейін 58 мектептің спорт залдары мен асханалары жаңартылады, 70 пән кабинеттері сатып алынады.

- Жалпы білім беру қорынан 25 229 әлеуметтік жағдайы төмен отбасының балаларына мектеп формасы мен кеңсе тауарларын алуға 1,1 млрд. теңге бөлінді. Бүгінгі күні аталған қаражат ата-аналардың жеке есеп шоттарына толығымен аударылды. 1-4 сынып оқушылары және 5-11 сыныптың әлеуметтік осал отбасы балалары тегін ыстық тамақпен қамтылады. Сол сияқты оқушылар тасымалы мәселесі де назарымызда. Жалпы облыста 87 елді мекеннен 2113 оқушы тасымалданады. Оқушылардың қауіпсіз әрі жайлы тасымалы үшін биыл жергілікті бюджет есебінен қосымша 8 автокөлік сатып алынды, - дейді облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов.

Жалпы жаңа 2025-2026 оқу жылында Жетісу облысында оқушылар контингенті 131 мыңнан асады деп күтілуде, оның ішінде 1-сынып оқушылары 13 мыңнан асады. Облыс колледждеріне 4,5 мың студент қабылдау жоспарланған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фотосуреттер облыс әкімінің баспасөз қызметінің мұрағатынан алынды.

Қорғас жаңа инвестициялық жобалардың орталығына айналады

Жетісу облысына жұмыс сапары аясында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу Қытайдың жетекші корпорациялары – «China Minmetals Corporation» және «CITIC Construction Co. Ltd» басшылығымен екіжақты кездесулер өткізді. Негізгі назар логистика, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу сияқты негізгі секторлардағы бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруға аударылды.



«China Minmetals Corporation» басшылығымен Азия мен Еуропа арасындағы құрлықаралық бағыттағы жаңа стратегиялық торапқа айналуға тиіс Қорғас маңында логистикалық хаб салу мәселелері талқыланды.

«CITIC Construction Co. Ltd.» өкілдерімен кездесуде компанияның Қазақстандағы инвестициялық қызметін кеңейту жоспарлары қаралды. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі шекара маңында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдейтін индустриялық парк құру болды. Бұл өңірдің экспортқа бағдарланған экономикасы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Қазақстанның Сыртқы істер министрі Қытаймен шекара маңындағы дамудағы өзара іс-қимыл елдің сыртқы экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. Бірлескен жобаларды жүзеге асыру сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға, Жетісу облысының инвестициялық тартымдылығын арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етіп, түптеп келгенде өңірдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізеді.

ҚР Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты.



ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҒЫРЫ

2025 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданғанына 30 жыл толады. Бұл тарихи құжат – еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы әрі ең маңызды құқықтық негізі, мемлекеттілігіміздің, демократиялық дамуымыздың және ұлттық бірлігіміздің кепілі.

1995 жылы бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Конституция Қазақстан халқының ерік-жігерінің көрінісі болды. Ол еліміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік даму жолын айқындап берді. Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтары, билік тармақтарының бөлінісі, заң үстемдігі мен мемлекеттік тіл мәртебесі нақты айқындалған.

30 жыл ішінде Ата заңымыз елдегі тұрақтылықтың, қоғамдық келісім мен бейбітшіліктің негізіне айналды. Осы уақыт аралығында Қазақстан демократиялық реформаларды жүзеге асырып, құқықтық мемлекет ретінде қалыптасты. Конституциялық Кеңестің қызметі арқылы елімізде заңдардың Ата заңға сәйкестігі қамтамасыз етіліп келеді.

Бүгінгі таңда Конституциямыз – тек заңдар жиынтығы ғана емес, ол – еліміздің даму бағдары. Соңғы жылдары Ата заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар қоғамның сұранысына сай жаңарып, заман талабына бейімделіп отыр.

Қорытындылай келе, Қазақстан

Конституция – жай ғана заңдар жиынтығы емес. Ол – әрбір қазақстандықтың құқығын қорғайтын, әділет пен теңдік принциптерін қамтамасыз ететін, мемлекет пен қоғам арасындағы келісімді бекітетін қасиетті құжат.

Өткен отыз жыл ішінде Конституцияға алты мәрте түзету енгізілді: 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 және ең ірісі – 2022 жылы. Әрбір өзгеріс – мемлекеттің саяси, әлеуметтік сұранысына жауап ретінде қабылданған тарихи шешім.

• 1998 жылы президенттік өкілеттік мерзімі 5 жылдан 7 жылға ұзартылды.

• 2007 жылы партиялық жүйе күшейтіліп, Мәжіліс сайлауы партиялық тізім бойынша өтетін болды.

• 2017 жылғы реформалар президенттік өкілеттіктердің бір бөлігін Парламент пен Үкіметке беруді көздеді.

• 2022 жылғы 5 маусымдағы референдум – конституциялық даму жолындағы бетбұрысты кезең.

Конституциясының 30 жылдығы – әрбір қазақстандық үшін маңызды тарихи белес. Бұл мерейлі дата бізге өткенімізді бағалап, келешекке сеніммен қарауға мүмкіндік береді. Конституцияны құрметтеу – Отанымызды сүю, болашағымызды бағалау.

Д. ҚАЛИБЕКОВ,
ҚР Әділет министрлігі Жетісу облысы әділет департаментінің «Ақсу ауданаралық мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімі» филиалының сот орындаушысы.

► Заң және тәртіп

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 20.01.2025ж. №61-НҚ нормативтік қаулысымен, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы мәселе қарастырылды.

Конституциялық соттың бұл қаулысымен, қолданыстағы заңнама талаптары, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылған.

Яғни, Қазақстан Республикасы-

ны қолданыстағы заңнама талаптарына сай, бейбіт жиналысты ұйымдастырушының белгіленген мерзімде бейбіт жиналысты өткізу орнын және (немесе) уақытын өзгерту туралы ұсыныспен келісетіні туралы жауабы алынбаса немесе ол келіспейтінін білдірсе, жергілікті атқарушы орган осы негіз бойынша бейбіт жиналысты өткізуден бас тартады.



Жергілікті атқарушы органның мұндай ұсыныс бойынша бас тарту туралы шешім қабылдар алдында, бейбіт жиналысты ұйымдастырушыға түсіндіру міндетті болып табылады.

**Сарқан ауданының
прокуратурасы.**

Жеке кәсіпкерлер МӘМС төлемдері мен жеңілдіктер туралы не білу керек?

Егер кәсіпкер жалдамалы жұмыс істесе, ол жарналарды жеке кәсіпкер және қызметкер ретінде де төлеуі тиіс.

Кейбір санаттар жарналардан босатылған. Атап айтар болсақ, қызметі тоқтатылған жеке кәсіпкерлер, мүгедектер, зейнеткерлер, көпбалалы аналар және күндізгі оқу бөлімінде оқитын студенттер.

Белсенді жеке кәсіпкерлікпен айналысатын декреттегі әйелдер қызметін тоқтатпаған жағдайда жарналарды төлеу керек.

Нәліктен уақытында төлеу маңызды? Жарналарды ай сайын немесе бірнеше айға алдын ала төлеуге болады. Төлемнің мерзімі кешіктірілсе қарыз бен өсімпұл қосылып, азамат МӘМС жүйесіндегі мәртебесін жоғалтады.

«Жарналарды уақытылы және міндетті түрде төлеу — баршаның сапалы медициналық көмек алуына кепілдік береді. Жеке кәсіпкерлер тегін емделу құқығын сақтау үшін осыны естен

шығармауы тиіс», — дейді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми өкілі Забира Оразалиева.

Бұдан бөлек жеке кәсіпкер жеке клиникаларда емделсе де, төлем жасаудан бас тартуға болмайды. Себебі МӘМС мемлекеттік және жекеменшік мекемелердегі қызметтерді де қамтиды. Егер жеке кәсіпкер қызметін тоқтатса, ол кәсіпкер ретінде төлеуін тоқтатып, жарналарды өз еркімен немесе жұмыс беруші арқылы төлеп, сақтандыру мәртебесін сақтап қала алады.

Төлемдерді (жарналар мен аударымдар) банктер, мобильді қосымшалар және «Қазпошта» АҚ кассалары арқылы 122 және 121 кодтарымен төлеуге болады. Осы ретте ЖСН, толық аты-жөні және сомасын дұрыс көрсеткен абзал.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.**

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

Біз бүгінде өркениетті еліміздің дамуына тұсау, кемелденуіне кедергі келтірер қоғамдық дертке айналған сыбайлас жемқорлықпен күресудеміз. «Жемқорлыққа жол жоқ» деп ұрандатып, мінберлерден ауызымызды толтырып айқанымызбен, осының түп-тамырына қалай балта шабуға болады деген сауалға жауап іздеп жүргеніміз шамалы.

Жемқорлық дертіне қалай душар болдық?! Онымен күресті қайдан, қалай бастағанымыз дұрыс?! Қазіргі көпшіліктің басты арманы – бай болу. Баю үшін ар, намысынан бас кешетіндер де біздің қоғамымызда жетерлік. Адамға ақша қызмет етпей, адам ақшаға қызмет ететін түсінік қалыптасқалы бері оның санасы уланды, дүниенің құлына айналды. Жемқорлықтың да бастауы осыдан. Осы қағиданы бұзбай қоғамдағы жемқорлықты жоя алмаймыз. Жемқорлықтың пайда болуы қоғамдағы рухани байлықтың құнсызданып, материалдық құндылықтың алдыңғы сатыға шығуының салдары. Сондықтан, біз қоғамымызда жемқорлыққа қарсы күресті – азаматтарымыздың жүрегіне рухани ізгіліктерді, құндылықтанды сіңіруден бастауымыз қажет. Рухани тұрғыдан бай адам, жемқорлықтай лас істерден жанын таза ұстайды.

Осы уақытқа дейін жемқорлықпен күресу үшін түрлі әдістерді қолданып келдік. Соның ішінде, жемқорлық фактілерімен ұсталған азаматтарды жұмыстан қысқартып, ол лауазымға қайта орала алмайтын тәсілдерді қолдандық, айыпқа тарттық, соттадық, қатаң түрде жазалап, түрмеге айдадық. Алайда, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізбедік. Себебі, біреуін жазалағанмен, оның орнына келген екінші біреу дәл сол қателікті назарда ұстап, жаңадан айла ойластырды. Тың амал табады. Адамнан қулық артылған ба?! Бар ойға алғаны өзінің материалдық деңгейін көтеру болғандықтан, ол да жемқорлыққа жол береді.

Сыбайлас жемқорлық індет, оған қарсы күрес міндет деп айтып жүрміз. Ендеше, оның шипасы – халық арасында ағарту, насихат жұмыстарын тереңінен жүргізу. Байлықты басты құндылық деп адасып жүрген азаматтарымыздың түсінігіне төңкеріс жасау. Яғни, оның сана-сезімін, сенімін, ішкі жан дүниесінің таза-руына ықпал етіп, жүрегіне иман ұялату. Біздің қоғам ақиетті, адал, намысы биік азаматтарды қажет етеді. Осы тұста, соңымыздан ерген ұрпақ тәрбиесін де ұмыт қалдырмауымыз қажет.

Болашақта өскелең ұрпақ жемқорлыққа жирене қарауы үшін біз қандай әрекет жасап, оларға қандай бағыт сілтей аламыз?! Бүгін, ертең демесек те, алдағы 10-15 жылдан кейін сыбайлас жемқорлықты толығымен ауыздықтап тастамасақ та, оның қазіргіден әлдеқайда әлсізденетіндігіне өз басым көміл сенемін. Сол мақсатқа жету үшін әрбір отбасында, балабақшада тәрбиеленетін, мектепте білім алатын баланың бойына имандылық пен адамгершілікті, еліне, жеріне, ұлтына деген жанашырлық, патриоттық сезімді тереңінен сіңіруіміз шарт. Жаны таза, ары ақ, елі мен жерін көркейтер нағыз азамат қалыптасуы үшін ұлттық рухты жас ұрпақ бойына дұрыс дарыта алуымыз қажет. Сонда ғана біз өзіміздің қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан зиян келтіретін жемқорлықтай келеңсіз әлеуметтік құбылыстан арашалай аламыз. Сол себепті, ұлтжанды азамат тәрбиесіне немісқұрайлы қараудан аулақ болған жөн. Қайта, бар назарымызды ұрпақ тәрбиесіне шоғырландыра алсақ, жарқын болашаққа сенімді әрі нық қадам басарымыз анық.

М. ВИШНЯКОВ,
**«Жоңғар Алатауы» МҰТП
Сарқан орман тұқымбағының басшысы.**



Жеке кәсіпкерлер үшін МӘМС-ке тұрақты түрде жарна төлеу маңызды. Себебі бұл сапалы медициналық көмек алуға мүмкіндік беретін мәртебені сақтауға септігін тигізеді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры 2025 жылы жарналарды қалай дұрыс әрі ыңғайлы төлеу керектігін түсіндірді.

Қанша және қалай төлеу керек? Жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын тұлғалар басқа әлеуметтік аударымдармен бірге тұрақты жарна төлейді. Ол ең төменгі жалақының 1,4 еселенген мөлшерінің 5%-ын құрайды, яғни 2025 жылы – 5 950 теңге. Егер жалдамалы жұмысшылар болса, олар үшін қосымша төлем жасау қажет. Жұмыс беруші тарапынан олардың табысының 3%-ы (бірақ 25 500 теңгеден аспайды) және қызметкерлердің өздерінен 2% (17 000 теңгеге дейін) ұстайды.

«Я ВСЕГДА БЫЛ СЫНОМ СВОЕГО НАРОДА...»

(Начало в предыдущем номере).

**Евгений ГРИГОРЬЕВ,
доктор философских наук,
профессор**

Установленный факт: друг Адама Мицкевича, польский политический ссыльный Адольф Янушкевич, которого мы уже цитировали, отмечал Кунанбая как человека большого ума, прекрасного организатора. По его оценке, Кунанбай был «судьей неподкупной честности, и примерным мусульманином», «степным Цицероном». Его почитали как человека величайшей мудрости. К нему шли за советом из дальних аулов и молодежь, и старцы, богатые и бедные. И именно отец преподавал сыну основы ораторского искусства, познакомил с казахским обычным правом и российским законодательством.

Огромную роль в духовном становлении Абая сыграл также его старший брат (по отцу) Халиулла Ускенбаев. Он закончил Сибирский кадетский корпус, был офицером российской армии, образованнейшим человеком своего времени. Халиулла открыл юному брату красоту русской литературной классики.

Круг интересов Абая был широк. Он увлекался историей и культурологией, социологией и статистикой, изучал философские и экономические труды известных мыслителей, живо интересовался развитием общественной мысли. Известный немецко-казахско-русский писатель казахстанец Герольд Бельгер в работах, посвященных Абаю, отмечает, что в числе длинного ряда имен представителей мировой культуры, интересовавших Абая, упоминаются немецкие: Гегель и Гейне. Среди его переводов есть произведения иностранных поэтов, в том числе Гете и Шиллера, а также русского немца Антона Дельвига. Абай хорошо знал труды русских критиков, читал популярные российские журналы второй половины XIX века, в которых было достаточно сведений о классической немецкой философии и литературе. Тогда в России во множестве выходили переводы произведений Гете, Шиллера, Гейне, осуществленные Губером, Вейнбергом, Фетом и другими. Думается, любознательный Абай никак не мог пройти мимо этих литературных шедевров.

Основательное изучение творческого наследия мыслителей и поэтов мира, глубокое проникновение в их прогрессивные идеи вывели Абая из ограниченного мира кочевого феодально-патриархального миропонимания на путь демократического просветительства и гуманистического восприятия жизни. Он призывал казахов изучать русский язык, усваивать русскую культуру и трудолюбие русского народа. Мыслитель более ста лет назад прозорливо вещал родному народу: «наука, знание, достаток, искусство - все это у русских. Русские видят мир. Если ты будешь знать их язык - на мир откроются и твои глаза. Человек, изучивший культуру и язык иного народа, становится с ним равноправным и не будет жить позорно».

М.О. Ауэзов отмечает три источника, на основе которых сложилось мировоззрение и творчество Абая. Первым являлась древне-казахская литература и такие ее величайшие памятники, как «Ер Таргын», «Алпамыс», «Кобланды», «Камбар», «Айман-Шолпан», «Кыз Жибек», «Козы-Корпеш и Баян-Сулу». Абай превосходно знал казахский фольклор, начиная с древнейших времен: баллады, песни, сказания, легенды. Все это ему было хорошо знакомо и горячо любимо, да и родной речью он владел, как говорят, от Бога, как редко кому суждено судьбой. Вторым - вершины Восточной культуры: эпические сказания и мудрая, искрометная поэзия Фирдоуси, Низами, Хафиза, Хайяма,

Физули, Джами, Саади, Навои, богословские и исторические труды мыслителей Востока. Третьим источником была русская и мировая литература. Особым уважением пользовались И.А. Крылов, А.С.Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Л.Н. Толстой, М.Е. Салтыков-Щедрин, И.С. Тургенев.

Прогрессивные ориентации и взгляды мыслителя порождали в невежественной среде негативную реакцию. Он прослыл «русофилом». Даже родной отец упрекал его за «русофильство». Дружба Абая с русскими политическими ссыльными противопоставила его местной администрации. Был произведен обыск в доме Абая, на него было совершено покушение, но поэт не отказался от избранного им пути справедливости, гуманизма и просвещения. Его страстный призыв к дружбе с русским народом прозвучал в то время, когда казахское общество отвергало все русское, потому что тогда русское отождествлялось казахами с ненавистной им царской администрацией - урядниками, приставами и другими верными опричниками царизма. Дружба же с представителями передовой российской интеллигенции - это стратегический путь мыслителя. Он стал прокладывать себе твердую дорогу, несмотря на яростное сопротивление недругов. Путь этот ознаменовал собой начало расширения связей казахов с другими народами.

Длительная, сердечная дружба Абая с русскими политическими ссыльными, растущее влияние мыслителя на казахскую молодежь вызвали у царской власти и казахской знати большое беспокойство. Донесения о нем, как человеке опасном для царской администрации, дошли до Степного генерал-губернатора и Семипалатинского военного губернатора. За аулом Абая, за всем, что там происходило, была установлена слежка, а затем начались преследования. Инициаторами грязных, недостойных действий были феодальная знать, бии и муллы вкупе с представителями местной царской администрации. Однако, зная об авторитете Абая в народе, они не решались действовать открыто, а применяли вероломные, коварные действия. Старшина Оразбай сколотил группу недовольных Абаем представителей местной и городской знати, которые начали планомерную и систематическую травлю Абая, клеветали на него самого и его друзей, посылали в канцелярию генерал-губернатора многочисленные доносы, объявляя мыслителя «врагом белого царя», «смутьяном среди народа», «неугомонным нарушителем обычаев, прав и установлений отцов и дедов». Доносы были предлогом для обысков, с которыми в аул Абая совсем нередко наезжали чины семипалатинской полиции.

По данному факту в госархиве имеются соответствующие документы, в частности дело на Ибрагима Кунанбаева (Ф.64 он. I, д. 1430), включающее 58 листов, которые хронологически охватывают 10 лет! (1876-1886 годы). Так долго и методично продолжались издевательства над поэтом, чтобы очернить его доброе имя.

Дело было начато в Омске в канцелярии Степного генерал-губернатора, а закончилось в Семипалатинске в канцелярии военного губернатора. В следственный процесс было втянуто большое количество людей. Было опрошено 37 свидетелей и еще около 600 человек, но все показали, что своим управителем доволен, он честный и справедливый человек. Более того, сам семипалатинский уездный начальник докладывал губернатору, что в этой волости до этого ни один волостной не мог прослужить три года: все они были судимы по интригам состоятельных и влиятельных лиц, желающих быть управителями. Исходя из этого Семипалатинское областное правление 8 октября 1884 г. прекратило следственное дело в отношении Ибрагима Кунанбаева. Только неподкупная честность и исключительная популярность Абая среди казахского народа освободили его от судебного пресле-

дования, о чем свидетельствует предписание Степного генерал-губернатора на имя Семипалатинского военного губернатора. Окончательно дело было закрыто 30 ноября 1886 г.

Военный губернатор Семипалатинской области генерал-майор Галкин в одном из письменных сообщений по инстанции так характеризовал личность Абая и его деятельность: «Он служил два трехлетия управителем Чингизской волости, а затем, по назначению от правительства, прослужил три года управителем Мукурской волости. Служба Кунанбаева отличалась разумным управлением, исполнительностью, энергией, преданностью правительству и отсутствием фанатизма ... В прежнее время он пользовался громадным влиянием среди инородческого населения степи, но в настоящее время влияние его далеко не то. Он постарел, отяжелел, вовсе не вмешивается в киргизские дела, не принимает на себя руководства в партиях, хотя главари их часто обращаются к нему за советом. В разговорах и суждениях своих с лицами местной администрации Кунанбаев обнаруживает полное понимание государственных интересов и правильные взгляды на культурную линию нашего отечества в азиатских владениях. Он с негодованием осуждает попытки мусульман-фанатиков противодействовать правительству в его стремлениях ... Эти данные указывают, что Кунанбаев в политическом отношении не внушает никаких опасений и должен быть причислен к числу лиц вполне благонадежных».

Характеристика дана уже на излете жизни. Отличный портрет верноподданного служаки российского самодержца, не правда ли? Но так ли это было на самом деле? Кому и как служил Абай?

Анализ его творческой и практической деятельности свидетельствует, что служил он не царю-батюшке, а своему народу, причем приоритетными для него всегда были интересы трудовой казахской бедноты.

Будучи длительное время (15 лет) волостным управителем, он действовал энергично и безупречно. За годы его управления в его волостях не было ни одного убийства, люди забыли о губительной барымте. Отличная работа была отмечена награждением его кафтаном третьего разряда. Но кто же в первую очередь выигрывал в Степи от царившего в ней спокойствия и порядка? Да конечно же трудовой народ, на который в сложных, трагических ситуациях (так было всегда!) сваливались дополнительные беды и лишения.

Думается, верную оценку по данному факту дал А. Букейханов, который в первую годовщину со дня смерти мыслителя писал: «Абай за последнее время не принимал участие в общественных делах, что не мешало его врагам трепать его имя». Даже после смерти Абай был ненавистен степным воротилам, они «трепали его имя», потому что его творчество, его жизненный пример работали в защиту степной бедноты, развенчивали социально-нравственные идеалы степной феодальной знати.

По поводу утверждения военного генерал-губернатора о полном понимании Абаем государственных интересов Российской престола можно сказать, что оно шито белыми нитками. В нем обнаруживается великая натяжка, весьма однобокое и предвзятое истолкование позиции мыслителя по вопросам политики царизма в казахской степи. Как можно уйти от многочисленных фактов, когда Абай в своих поэтических творениях беспощадно клеймил местную колониальную администрацию за ее алчность, продажность, бездарность и враж-

дебность к казахскому трудовому народу. Не верноподданнические убеждения исповедовал Абай, а совсем наоборот - революционно-демократические.

Творчество и практическая деятельность Абая убедительно свидетельствуют, что так оно и было. За долгие годы работы волостным управителем, он досконально изучил хитроумные и враждебные трудовому люду проделки царских чиновников и их верных помощников - казахской феодальной знати. Не желая принадлежать к кругу этих лиц и компрометировать свое доброе имя, он сам отказался от должности волостного, хотя она была пределом мечтаний для феодальной знати. Пребывание на ней позволяло хапугам беззастенчиво и безнаказанно грабить народ, несказанно обогащаться. И в период пребывания в должности волостного, и после отказа от нее он не переставал показывать народу социально-нравственную суть абсолютного большинства ее обладателей.

Счастье, дружба, любовь, покой, -
Оценила вас жизнь в гроши;
Ими платят беде людской
Лицемерные торгаши.
Суд народа для них - безмен,
Чтоб лишь взвесить хулу и лесть, -
Мастера в ремесле измен,
Позабывшие стыд и честь!

Абай без обиняков поведал широкой общественности, что на выборах волостных ничего не делается правдой, честно, все вершится обманом. Да и самого волостного избирают для обмана, ибо, как свидетельствует поэт, после избрания на должность волостные не выполняют своих обещаний, не защищают обездоленных от издевательств, унижений и материальных притеснений, но, наоборот, поддерживают притеснителей, всякого рода хапуг и мошенников. И это не случайно, т.к. с помощью этих хапуг и мошенников они и пробрались на вершины власти. «Старшины живут обманом, и войлок под их задами постелен хитростью, они не почитают простых людей. Они почитают таких же грязных людей, плутов, как они сами. Ибо они знают, что если эти люди будут их друзьями, то помогут им, а если врагами, то они причинят им вред».

Мыслитель не ошибался. Он видел как сближались правящие верхи российской империи со степной знатью и общей их целью было угнетение широких масс казахского народа. Местные феодалы всячески выслуживались перед царизмом. Последний не оставался в долгу: за верную службу на поприще угнетения и унижения родного народа прислужники получали почетные кафтаны, чины, ордена и медали, новые должности, позволяющие им еще более грабить трудящихся казахов.

Абай жил в эпоху безвременья. Он был для современников загадкой, «один боролся против тысяч» невежественных и неграмотных, но самоуверенных и властных людей. Все беды казахского общества и народа он пропускал через собственное сердце, глубоко страдал под их великой тяжестью. Обладая высочайшими нравственными качествами, Абай вступал в такие столкновения и споры, на которые не решались многие из числа власть придержащих. Он мужественно и достойно противостоял многочисленной рати соперников своими гениальными творениями и негибаемым духом.

Просветитель не мирился с феодально-родовыми порядками. Всю свою жизнь он посвятил борьбе с униженностью родного народа, поиску надежных путей выхода его из гнетущей атмосферы невежества и бес-



культуры, из состояния экономической и духовной отсталости.

Уже в юности он прошел через множество трагических ситуаций, пламень непримиримых конфликтов, испытал великие душевные потрясения, которые привели его к тому мировоззрению, что легло в основу всех произведений, созданных им. Абай сумел сформировать в себе независимость духа, широту и смелость взглядов. Решающую роль в этом сыграли классические образцы мировой культуры, провозглашавшие общечеловеческие идеалы добра, долга, чести и совести, бескорыстно-го служения родине и народу.

Ты в глубину мою взгляни.

В мои загадочные дни.

Там ныне светят всем, запомни,
Оставленные мной огни.

Я рос, и мой упрямый пыл

Костры в седой ночи палил

И путеводною звездой,

Проводником в дороге был.

Я там с тобою принял бой

Своею волей и судьбой.

А за беду и униженья,

Потомок, сжался надо мной.

Поэтическая, общественная и философско-просветительская деятельность Абая были направлены против феодальной знати казахской степи, против невежественных угнетателей трудового народа, против многочисленной рати продажных царских чиновников. Вот, к примеру, каким было состояние правосудия в казахской степи того времени:

Судья презирает свой сан и закон,

К злодеям, к ворам снисходителен

он,-

И множится зло, расцветает вокруг,

И нет преступленьям преград

и препон.

Уничтожающая оценка образа жизни вельмож, откровенное презрение к эксплуататорам, настаивание на необходимости ориентироваться в общественном развитии на русскую культуру сформировали по отношению к великому патриоту лютую ненависть феодальной знати и царских чиновников. Они единым фронтом повели против поэта разнузданную борьбу, не гнушаясь в средствах. В травле Абая принимал участие даже сам семипалатинский губернатор.

На честного тысячи плутов кругом, -

Как тут в одиночку бороться

со злом?

Распутство и пьянство повсюду

царят,

О дружбе, о пользе нет мысли

ни в ком.

Как известно, беда не приходит одна. В дополнение к указанной атмосфере животной ненависти и злобы на поэта обрушилось тяжелейшее, безмерное горе. В 1895 году умер в городе Верном (ныне г. Алматы) сын Абдрахман, двадцати семи лет от роду, служивший в этом городе в качестве поручика полевой артиллерии по окончании военного учебного заведения в г. Петербурге. Абдрахман был талантливым и образованным молодым человеком. Еще не успела утихнуть эта неизлечимая душевная рана, как последовал новый сокрушительный удар: умер от туберкулеза другой сын Абая, талантливый поэт Магауя.

Сердце в огне.

Боже, где мне

Душу свою утолить?

Измотанный неравной и изнурительной борьбой за справедливость, социальное и материальное благополучие казахов и окончательно надломленный невосполнимыми физическими и душевными утратами, Абай умер 6 июля 1904 в родных краях, на шестидесятом году жизни, пережив лишь на сорок дней смерть любимого сына Магауи. Похоронен великий мыслитель и поэт около своей зимовки: вблизи Чингизских гор, в долине Жидебай.



Таңға жуық серуендеп, самалдап,
Шығып кеттім өзен бойын аралап.
Сарқанымның сарқыраған сарыны,
Кетті менің ой-санамды баурап-ап.

Тіршілікті сәулесімен оятып,
Келе жатты шығыс жақтан таң атып.
Осынау бір сұлулыққа елітіп,
Айналама көз жүгірттім аялдап.

Құстар сайрап, ұйқысынан оянып,
Айнала тұр небір түске боялып,
Бұл ғажапқа шабыттанған көңілім,
Қала берді су сепкендей шабандап.

-Неге дейсіз? Түсіндіріп көрейін,
Көргенімді сіздерге айтып берейін.
"Жер-ана болса, табиғат- оның бесігі"
Деген сөзге енді қайтып сенейін?!

Өзен бойын бойлай өскен тал-терек,
Ораныпты күл-қоқысқа не керек,
Бос шисалар, құты, төсеніші сәбидің,
Қағаз, қапшық, дорбалар
көрінеді желбіреп.

Теректіге бардым бір күн қыдырып,

– Шын мәнінде елімізді көгалдандыру, абаттандыру үлкен мемлекеттік маңызы бар іс. Бұл бүгін шығып, ертең ұмытып кететін бірреттік науқан емес. Аталған жұмыс тұрақты түрде жүргізіледі. Туған жерімізді таза ұстауымыз керек. Бұл жалпыұлттық мәселе.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.

ҚҰРМЕТ ҚАЙДА ТАБИҒАТ, ЖЕР-АНАҒА?!

Тау суына алайын деп бір сүңгіп.
Өр бұтаның түбінде,
әр шұқырдың ішінде,
Қоқыс жатыр, қоқыс жатыр үйіліп.

Басқан бойын жүріп өттім аралай,
Қоқысы жоқ жер таппадым о,тоба-ай!
Көк майсаға отырмақ ем дамылдап,
Ас қалдығы жатты шашылып обал-ай!

Тақта тасқа бардым тағы жол түсіп,
Өзен бойлай жатыр қоқсық төгіліп.
Қайда барсам Қорқыт көрін көргендей,
Тас үстіне отыра кеттім түңіліп.

Араладым Сарқанымның көшесін,
Арықтағы суға ауды көңілім.
Шелек салдым суғармақ боп гүлімді,
Қоқыс толы шықты менің шелегім.

Жерұйығын ідегендей Асан баба,
Таза жерді іздесем таба алам ба?!
Ей адамдар! Біз кімбіз, не боп кеттік,
Құрмет қайда табиғат, Жер-анаға?!

Жер-ана, табиғат оның бесігі,
Сол бесікте тіршілік тербеледі, өседі.

Ұрпағына бесігін баз қалпында
тапсыру,
Білесің бе ата-баба салты еді.

Салтымыздан неге алыс кетеміз,
Бесігімізге неге қоқыс төгеміз?!
Ағын суға жуынды төкпек түгілі,
"Суға түкірме, су қолыңды сілкіме!"-
дегенді естіп өскенбіз.

Түзей алмай жүргенде тарихымды,
тілімді,
Түзей алмай жүргенде дәстүрімді,
дінімді.

Оңайлықпен құрықтала қоймайтын,
Қоқыс-деген үлкен нәубет кеп кірді!

Ойланыңдар ағайын, туыс, бауырым,
Таза болсыншы аймағың
қала, ауылың.

Ол үшін көп нәрсе керек емес қой,
Тазалық-ол мәдениет, тәртіп,
санасы ғой әркімнің!

Ұлжан НҰРҒАЛЫМҚЫЗЫ,
Сарқан қаласы.



Дәрілік шөптер ежелден халық медицинасында кеңінен қолданылған. Әрбір өсімдіктің өзіндік қасиеті мен пайдасы бар. Мысалы, түймедақ (ромашка) – тыныштандыратын әсер береді, жөке гүлдері (липа) – суық тигенде пайдалы, жалбыз (мята) – ас қорытуды жақсартады. Сарқандық Елена Бричкова осындай дәрілік шөптерді жинап, табиғат берген байлықты тиімді пайдаланып, адамдардың денсаулығын жақсартуға көмектесіп жүрген жанның бірі.



Табиғат сыңы - ел игілігіне

Бұл кәсіп Ленаның отбасының тұңғышы ретінде мектеп жасында шөппен науқастарды емдейтін әжесінің қасында жүріп, әр дәрілік шөптің қадыр-қасиетін ұғынуынан басталған. Кейіннен оқу бітіріп, шаштараз мамандығын иемденген. Алайда жүрек қалауы басқа екенін сезінгеннен кейін ол өмірден өз жолын іздейді. Алматы қаласында жақсы қаржы табасың деген құрбысының қолқалауымен жолсерік болып Ресейге де сапарлап қайтқан. Алайда кішірек кезінен таңсық болған туған жердің топырағы жібермеді. Сөйтіп Сарқан қаласынан алғашында жеке кәсіпкерлік ашып, кейіннен «Дары природы» деген атаумен шаруа қожалығын құрған. Қазіргі таңда шаруашылық 10 гек-

тар жерді игеріп, дәрілік шөп егіп, оны жинап, кептіріп қаптарға салып тапсырыс бойынша Алматы қаласында орналасқан «Компания Тес», «Ева-фарм», «Дәулет-фарм», «Қызыл-май» сынды компанияларға жеткізіп береді. Осы кәсіп арқылы төрт отбасыны тұрақты жұмыспен қамтып, жұмыссыздықтың азаюына өз үлесін қосуда.

Еленаның екі баласы бар. Үлкен ұлы Богдан ауыр жүк көліктерін тізгіндеп, қолы бос кезде анасының шаруашылығының бір жағына шығысса, екінші ұлы Глеб мектеп оқушысы, үйде орналасқан цехта жәрдемші. Кейіпкердің айтуынша дәрілік шөпті жинау кез келген адам еңсере қоятын кәсіп емес. Түскі үзілісті есептемегенде таңның аты-

сынан кештің батысына дейін бел жазбай еңбек ету әркімнің қолынан келмейді. Сол себепті жұмыс уақыты бес күндік болып қалыптасқан. Әрі дертке дауа эхинацея, топи-намбур, жалбыз, мелисса сынды дәрілік шөпті жай шөптен ажырата білу қажет. Елена Валерийқызының айтуынша бейтаныс адамдар әр түрлі қалалардан хабарласып, тапсырыс беріп жатады. Кәсіпкердің жоспары көлемді цех ашып, Иван-шай, қарақат жапырақтарын өңдеп денсаулыққа қуат беретін шай шығарып, интернет-дүкен арқылы тұтынушыларына жөнелту. Осы мақсат жолында тынбай еңбек етіп, болашақ кәсіптің алғышартын жа-сауда.

Өз тілшіміз.

► 17 тамыз - Спорт күні

Спорт саласы
жақсы дамып келеді

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына әрбір Жолдауында спорт саласын дамыту, қолдау мен қамқорлық тақырыбын қозғайды. Әсіресе бұқаралық спортқа елімізде көп көңіл бөлінуде. Бұл дені сау жастарды тәрбиелеу, бүкіл ұлттың денсаулығын нығайту мақсатында жасалып отырғандығы сөзсіз. Бұл өз кезегінде Сарқан ауданында да спорт саласының жан-жақты дауына зор серпін берді. Бұны аудан жұртшылығы да сезінуде деуге болады. Қаламызда әсіресе шалғай ауылдарда жыл сайын көптеген спорттық нысандар ашылып, саламатты өмір салтын ұстанушылар саны артып келеді. Мемлекет тарапынан осындай қамқорлық бұқаралық және балалар спортының дамуына қуатты серпін беріп, жаңа чемпиондарды дайындауға негіз болуда. Жергілікті спорт саласының мамандары өңірде спорттың дамуында оң нәтиже барлығын айтады.

Ендеше сөзімізді нақты сандармен өрнектесек. Сарқан ауданында дене шынықтыру және спортпен айналысу үшін 112 спорттық нысан бар. Олар 1 стадион, 1 спорт кешені, 1 дене шынықтыру-сауықтыру кешені, 1 шаңғы базасы, 1 хоккей корты, 1 теннис корты, 2 жабық стадион, 104 жазықтық құрылым (31-стритворкаут, 31-футбол алаңы, 20-баскетбол



алаңы, 22-волейбол алаңы), жазықтық құрылымдардан бөлек 39 спорттық зал бар.

Ауданда 403 спорттық секциялар жұмыс жасайды, оның ішінде 16 375 адам спортпен шұғылданады, бұл дене шынықтыру және спортпен айналысатын аудан халқының 42 пайызын құрайды.

Сарқан ауданында Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс жасайды. Жаттықтырушылар саны 38 (24 штаттық жаттықтырушылар) 12 спорт түрімен 1130 спортшы шұғылданады. (еркін күрес, бокс, шаңғы, дзюдо, волейбол, ауыр атлети-

ка, қазақша күрес, қол күрес, баскетбол, грек-рим күресі, джиу джитсу, футбол.)

Салаға деген нақты қолдау нәтижесінде ағымдағы жылы аудан спортшылары Әлем, халықаралық, республикалық және облыстық 59 жарыстарға қатысып 288 медальға ие болып, аудан мерейін үстем етті.

Солардың қатарында, Бокстан Азия чемпионатының екі дүркін жеңімпазы ауданымыздың тумасы Сыдық Аяжан, Еркін күрестен халықаралық жарыстар жүлдегері Саяхмет Нұрайым, Ауыр атлетикадан Азия чемпионатының жеңімпаздары Құрманбек Ақжол мен Аскербай Алихан, Велоспорттан Азия чемпионатының қола жүлдегерлері Заам Евгения мен Саркулова Алина, Пара дзюдо күресі бойынша Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Нұрдаулетұлы Асылан, Еркін күрестен Азия чемпионатының күміс жүлдегерлері Үзембаев Абылайхан мен Алмасұлы Нұрали, джиу джитсудан халықаралық жарыстар жүлдегерлері Байгерім Ерасыл, Қайратбек Омар, Сабыржан Салта-

нат, Жұмаш Дарина, Мағаз Сабыржан, Жолдасхан Дастан, Мезенцова Алина сынды спортшыларымыз және волейбол мен баскетбол командаларымыз бар.

Сондай-ақ аудандық Бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығы да өз тарапынан өңір спортының өрістеуіне өзіндік үлес қосуда. Аталмыш орталықта 16 қызметкер жұмыс жасайды. Орталық 2024 жылы әртүрлі деңгейдегі 758 жарыс, 2025 жылы қаңтар айынан осы уақытқа дейін 305 әр-түрлі деңгейдегі спорттық іс-шара ұйымдастырылып, 8187 адам салауатты өмір салтына қамтылды. Жыл соңына дейін 325 жарыс ұйымдастыру жоспарлануда.

Қазіргі таңда Сарқан ауданында ұлттық спорт түрімен (аударыспақ, бөйге, көкпар, тоғызқұмалақ, қыз қуу, теңге ілу, қазақша күрес, жамбы ату) 1365 адам спортпен жүйелі түрде шұғылданады. Қазіргі уақытта аудандық Бөйге және Көкпар федерациясы жұмыс жасауда.

Өз тілшіміз.



Өткен жұмада Сарқан аудандық әкімшілігінің, ауданының Бөйге федерациясының ұйымдастыруымен Сарқан қаласының атшабарында бөйге болып өтті. Ұлттық спортымыздың ішіндегі ең маңыздысы – бөйге тай, құнан жарыс және аламан түрлері бойынша өтті. Кіл жүйрікте кім жүйрік екенін білуге құмартқан көпшілік ең алдымен тай жарысқа көз тікті.

Тай жарыстың да өзіндік қызығы мол. Қазақ халқы болашақ тұлпар болар жылқы мен батыр болар баланы тай жарысынан бастап таныған. А й т п а қ ш ы ұйымдастырушылар жүйрікті жазбай танып, алдын ала болжам айтқан сыншыларға да

арнайы жүлде тағайындағандығын айта кеткеніміз жөн. Сонымен 5 шақырымдық қашықтыққа шапқан 10 жылқының алды болып бақалылық Жақсыбеков Жәкеннің Құралайы мәре сызығын бірінші болып кессе, құйрық тістесе келген Бершімбетов Қайраттың Ақтанауы II орынды иеленді. Жүлделі III орынға Сайлау Біржанның Самұрығы ие болса, IV орынды Бершімбетов Қайраттың Қарақұсы, V орынды Жақсыбеков Жәкеннің Талшыны еншіледі (Бақалы ауылы).

Бұдан соң жылқының болашақта қандай дәрежеде бап сүйетіндігін және шабыс ырғағын тануға негіз болатын құнан жарыс болды. 10 шақырымға шапқан осынау аталмыш жарыста мынадай орындар белгілі болды. I орын Тұрысбеков Қайраттың Ботакөз атты аты (Бақалы ауылы), II орын Ержанов Маманның Аңсағаны (Сарқан қаласы), III орын Райханов Серіктің Самғаты (Сарқан қаласы), IV орын Жақсыбеков Жәкеннің Оқжирені (Бақалы ауылы), V орын Дүкенбаевтар әулетінің Тайфуны (Сарқан қаласы).

Қан қыздырып, делебені қоздыратын атақты аламанның жолы мен жөні бөлек. Аламан бөйге кезінде шын жүйріктің ғана емес ат үстіндегі шабандоз баланың төзімі де, тақымының мықтылығы да сынға түседі. Атсүйер қауым тағатсыздана күткен басты бөйге - аламанда қарабөгеттік Абылқасымов Нұрланның Талхизы топ жарса, Сарқан қаласының тұрғыны Ошағанов Болаттың Каспиі II орынды, сарқандық Бершімбетов Қайраттың Қояны III орынды, бақалылық Жақсыбеков Жәкеннің Көкдауылы IV орынды, сарқандық азамат Жаманқыз Күмісбектің Қыраны V орынды иеленді. Барша жеңімпаздар ақшалай және арнайы кубокпен марапатталды.

Партия ЖЕҢІСХАН.

Әлижан мен Әміржанның
бағындырған белестері

Қазақ жері баяғыдан батырлар мен палуандарға кенде болмаған. Жетісу өңіріне, соның ішінде Сарқан ауданынан шыққан спорт саңлақтарының алды аңызға айналып үлгерді. Кеңес үкіметі кезінде айналасын айбынымен ықтырған, күшімен сескендірген, шеберлігімен мойындатқан даңқты палуандарымыз Әбілсейіт Айханов, Аманжол Бұғыбаевтардың кейінгі буынға үлгі-өнеге болатыны заңдылық. Ағаларымыз салған жеңіс жолын бүгінгі таңда сарқандық жасөспірімдер жалғастыруда.

Осы күнге дейін еліміздегі спорт түрлері ішіндегі елеулісі бокстан ешкімге есе бермеймін дейтін жаужүрек ұландарамыз аз емес. Аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің шәкірттері арасынан суырылып шыққан былғары қолғап шеберлері намысты қолдан бермейді. Бұл сөзіміз жалаң болмас үшін бір әулеттен шыққан қос чемпионның жетістіктерімен таныс болғанымыз абзал.

Алмалы орта мектебінің 9 - сынып оқушысы Әлижан Төлеуғали спорттағы жетістіктерімен ата-анасының ғана емес, ауыл-аймақтың мақтанышы болып келеді. Аудандағы спорт мектебінен тәлім алып, бокстан жасөспірімдер арасындағы турнирлерде топ жарған ол облыстық сайыстарда дараланып, бүгінгі таңда республикалық, халықаралық турнирлерде өз салмақ дәрежесінде бірінші орынды ұдайы жеңіп алуға. Жаттықтырушысы Рауан Қылышбаев болашағынан үміт күтетін шәкірттерінің арасынан Әлижанды жеке дара атайды. Ол Жетісу облысының чемпионы, аймақтық чемпионаттың күміс жүлдегері, халықаралық және республикалық турнирлердің жеңімпазы, Жетісу құрамасының мүшесі.

Әлижанның інісі 8-сынып оқушысы Әміржан Төлеуғали ағасының жолымен алға басып, облыстық жарыстарда жүлдызы жанып, халықаралық, республикалық турнирлерде алдыңғы орыннан көрініп, қандай сайыстан да топ жарып келеді. Атап айтқанда Әміржан 2022 жылы Алматы қаласында өткен екі бірдей республикалық ашық турнирде, «NOMAD» спорт клубының жүлдесі үшін халықаралық турнирде, келесі жылы үш республикалық, екі халықаралық жарыстарда, 2024 жылы үш республикалық, бір халықаралық турнирлерде топ жарып, чемпион атанды. Биыл Астана қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырған халықаралық турнирде бірінші орынды жеңіп алды.

Қазақ халқы ежелден қайсар халық. Қайсар халықтан қаһарман ұрпақ тарайтыны бесенеден белгілі. Қазақтың намысын жатқа бермейтін болашақ Олимпиада чемпиондарын тай кезінде жазбай танып, топты жарған тұлпар болсын деп баптап жүрген жаттықтырушыларына мың алғыс! Жасөспірімдер арасындағы бір әулеттен шыққан қос чемпион, ағайынды Әлижан мен Әміржанның алар асулары биіктей берсін!

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.



• Шекара шебінде

Шекара шебіндегі асқақ міндет – «Алмалысу» шекара бөлімшесі

Жетісу өлкесінің шығысындағы Алмалытау жоталарының етегінде, қырағы шекарашылардың күзетінде – «Алмалысу» шекара бөлімшесі орналасқан. Бұл бөлімше ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасына қарайды. Көрші елмен шекаралас ауданда орналасқан маңызды стратегиялық нысан болып табылады. Аумағында елді мекен жоқ, ең жақын ауыл – Басқұншы. Тарихы терең бөлімше 1963 жылы құрылған. 1965 жылы салынған ғимараты бүгінгі күнге дейін қызмет етуде.



Бөлімше жалпы ұзындығы бірнеше шақырым болатын мемлекеттік шекараны күзетеді. Бұл – тек шекара сызығы ғана емес, елдің егемендігі мен тыныштығының тірегі.

Қазіргі таңда «Алмалысу» шекара бөлімшесіне аға лейтенант Азамат Ташенов басшылық етеді. Ол Ақтау қаласындағы «Дарын» мектеп-интернатын бітіріп, ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдаған. Әскери қызметін «Іле» шекара бөлімшесінде бастады. Өткен жылдары Жетісу облысы бойынша үздік тәрбиеші атанған жас офицер бүгінгі таңда бөлімшені басқара отырып, жауынгерлерге үлгі бола білуде.

Бөлімше бастығының орынбасары – лейтенант Нұрасыл Нұржанов. Семей қаласының тумасы. Мектеп кезінен спортпен айналысып, түрлі жүлделерге ие болған. Ол да Шекара академиясын түлегі. Әскери қызметін осы бөлімшеде бастаған. Жас та болса, тәртіп пен талапты қатар ұстанатын, өз ісіне жауапты офицер ретінде таныла білді.

Бөлімшенің старшинасы – қатардағы жауынгер Диас Сағымбек. Бұған дейін «Қорғас», «Іле» шекара бөлімшелерінде түрлі лауазымда қызмет етіп, мол тәжірибе жинақтаған. 2023 жылы «Алмалысу» шекара бөлімшесінің старшинасы болып тағайындалды.

«Алмалысу» шекара бөлімшесінің жеке құрамы тек әскери міндетпен шектелмей, қоғамдық-мәдени іс-шараларға да белсене араласады. Басқұншы ауылындағы Крылов атындағы мектептің жағдайы төмен отбасыларынан шыққан оқушыларына көмек көрсетті. Жеке құрамның бастамасымен қаржылай қолдау жасалып, мектеп құралдары мен сөмкелер алынған.

Жергілікті тұрғындармен байланыс орнату, шекаралық тәртіпті түсіндіру жұмыстары да ұдайы жүргізіледі. Бұл жұмыстар ерікті жасақ командирі Ғаламат Тоқтасынның қатысуымен өтеді. Кездесу барасында ҚР «Мемлекеттік шекара туралы» заң талаптары, шекаралық аймақта болу ережелері кеңінен түсіндіріледі.

Өткен жылдың жаз айында Ойжайлау сайында шекаралық режимді бұзған азамат ұсталды. Ол ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің бап талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылған. Сондай-ақ, соңғы жылдары тіркелген шекара бұзушылардың бірі – көрші ел азаматы Найзашоқы сайында емдік шөп тамырын заңсыз қазып жүрген жерінен ұсталған.

«Алмалысу» шекара бөлімшесі – ел тыныштығы мен мемлекеттік шекараның мызғымас тұтастығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып келе жатқан әскери ұжым. Мұндағы әскери қызметшілер – тек шекара күзетушілері ғана емес, қоғаммен тығыз байланыс орнатып, патриоттық тәрбиенің үлгісін көрсетіп жүрген азаматтар. Осындай бөлімшелердің қажырлы қызметінің арқасында бейбіт өмірдің шекарасы берік күзетіліп келеді.

Жетісу облысының шығыс беткейінде, Алатаудың аясында орналасқан Қорғас ауылы – тек географиялық елді мекен ғана емес. Ел шебінің берік қорғаны, шекарашылардың жауынгерлік қызметінің куәгері. Көрші елмен шекаралас аймақ. Халықаралық маңызға ие нүктелердің бірі. Мұнда орналасқан ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қорғас» шекара бөлімшесі орналасқан. Талай жылдан бері мемлекеттік шекарамыздың тыныштығын күзетіп, шекара шебінің шеберлерін тәрбиелеп шығарған алдыңғы қатарлы бөлімшелердің бірі.

Қорғас ауылы 1950 жылдан бастап жүгері ұжымшарының бөлімшесі ретінде ауыл шаруашылығымен танылып келсе, 1997 жылдан бастап мұнда өндірістік кооперативтер мен шаруа қожалықтары құрылып, ауыл жаңа тыныс алды. Алайда бұл мекеннің беделі – оның шекаралық мәртебесінде. Осында орналасқан «Қорғас» шекара бөлімшесі жылдар бойы жүздеген жас шекарашыны баулып, мемлекеттік шекараны қорғауда сан мәрте үздік шықты.

1995 жылдан бері бөлімшеде әр жылдары қызмет еткен 20-ға жуық бөлімше бастығының әрқайсысы әскери ұжымның өркендеуіне өзіндік із қалдырған. Бұл басшылардың әрқайсысы – бөлімшенің күрделі кезеңдерін, қиындықтарын еңсеріп, оны заманауи құрылымға айналдыруға үлес қосқандар. Солардың

ішінде, әсіресе соңғы жылдары бөлімшені басқарған командирлер шеберлік пен ұйымшылдықтың үлгісін көрсетті.

Мамыр айынан бері бөлімшеге капитан Нұрсұлтан Саттарханов жетекшілік етеді. Түркістан облысында дүниеге келген шекарашы офицер жастайынан әскери жолды таңдаған. 2019 жылы Академияны тәмамдаған соң, Панфилов ауданының бірнеше шекара бөлімшесінде түрлі лауазымда қызмет атқарған. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Шекара қызметінің директорының атынан алғыс хатпен марапатталуы – офицердің ерен еңбегінің дәлелі.

Бөлімше бастығының сенімді серіктерінің бірі – орынбасары аға лейтенант Санат Абеуов. Спортқа, әскери дайындыққа және тәрбиеге ден қойған бұл жас офицер – Академия қабырғасында да, қызметте де белсенділігімен, патриоттық рухымен ерекшеленген.

Ал тәрбие және идеологиялық жұмыстарға жауапты аға лейтенант Бақдәулет Мартұлы те – өз ісінің маманы. Ол еркін күрес пен бокс спорттарынан халықаралық жарыстардың

Шекара шебіндегі – Басқұншы

Жетісу облысының табиғаты көркем, шежіресі бай Панфилов ауданында таудың етегінде қоныстанған бір ауыл бар. Ол – Басқұншы ауылы. Аты да әдемі, тарихы да бай ауыл өзгелерден ерекше. Басқұншы – қарапайым ғана ауыл емес. Ол – мемлекеттік шекараны күзеткен, Отан қауіпсіздігін қырағы күзетіп келе жатқан шекара бөлімшесінің де мекені.

Бүгінде теңіз деңгейінен 1058 метр биіктікте орналасқан ауылда үш мыңға жуық халық өмір сүреді. Олардың көпшілігі қазақ ұлтының өкілдері – Суан, Дуан, Мырзакелді сияқты Ұлы жүздің абыройлы аталарының ұрпақтары. Сонымен қатар ауылда орыс, ұйғыр және өзге ұлт өкілдері де тату-тәтті өмір сүруде. Табиғаты жайнаған, алма бағы жайқалған өлке – нағыз туған жерге деген махаббатты оятатын киелі мекен. Ауылдың аппорт алмасы мен табиғаты тіпті алыстағы Швейцариямен салыстырылатыны бекер емес.

Басқұншы – тек табиғатымен ғана емес, елге қызмет еткен перзенттерімен де мақтана алады. Бұл ауылдан Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, прокуратура, Қорғаныс министрлігі секілді мемлекеттік құрылымдарда қызмет етіп жүрген екі жүзге жуық офицер шыққан. Олардың әрқайсысы туған топырақтың абыройын арттырып жүр.

Басқұншы ауылының тыныштығы мен шекара шебінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келе жатқан басты – «Басқұншы» шекара бөлімшесі. Бөлімше алғаш рет 1934 жылы шекаралық бекет ретінде құрылып, 1974 жылдан бастап шекара заставасы, кейінірек шекара бөлімшесі болып қайта құрылды. Көрші елмен арадағы бірнеше шақырымдық шекараны күзету – осы бөлімшенің басты міндеті.

Бүгінде бөлімшенің сарбаздары тек әскери міндетін атқарумен шектелмей, ауылдың мәдени, қоғамдық өміріне де белсене араласады. Мәселен, Ұлы Отан соғысына қатысқан ауыл тұрғындарына арналған ескерткіштің тұрғызылуына қаржылай және іс жүзінде көмектескен де осы бөлімшенің шекарашылары. Мереке сайын әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетіп, мектеп оқушыларына да жанашырлық танытып келеді. Мысалы, төрт оқушыға мектеп киім-кешегі мен кеңсе тауарлары тарту етілді. Осындай шаралар арқылы шекарашылар мен ауыл халқының арасындағы байланыс нығайып, елдің бірлігін арттыра түсуде.

«Шекарашының жас досы» үйірмесі – бөлімшенің тағы бір мақтанышы. Үйірмеге Крылов атындағы орта мектептің жоғары сынып оқушылары қатысады. Жалпы саны елу шақты оқушыны қамтитын бұл бастама – жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге.

Шекара режимін қырағы күзету де бөлімшенің назарындағы өзекті мәселелердің бірі. Осы жылдың алғашқы жартысында – жиырмаға жуық азамат ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 514-бабы бойынша жауапкершілікке тартылған. Бұл – шекараның бақылауда екенінің бір дәлелі.

Соңғы маңызды оқиғалардың бірі – 2024 жылдың 6 қарашасында орын алған жағдай. «Дабыл тобының» шекара наряды құрамында қызмет атқарған лейтенант М.Манасов, кіші сержант Р.Дүкембаев, ефрейторлар Д.Жанахметов пен Т.Бакиев, сондай-ақ қатардағы жауынгер Д.Зайтақан көрші елмен екі ортадағы мемлекеттік шекараны заңсыз бұзып өтпек болған бір азаматты ұстаған. Бұл оқиға – шекарашылардың кәсібилігі мен қырағылығының нақты дәлелі.

Басқұншы шекара бөлімшесінің бүгінгі жетістігі – оның басшылық құрамының жүйелі жұмысы мен әскери тәртіптің беріктігінің нәтижесі. 2002 жылдан бері оннан астам бастықтар бұл бөлімшеге басшылық еткен. Олардың әрқайсысы шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өзіндік үлес қосып, бөлімшенің дамуына қызмет етті. Қазіргі кезде капитан Ернат Беріков басшылық етіп келеді.

Басқұншы – өткеннің тарихы мен бүгінгі қажырлы еңбектің тоғысқан мекені. Бұл ауыл мен шекара бөлімшесі – еліміздің тыныштығы мен шекара тұтастығын қорғап тұрған рухани тірек. Жердің көркі табиғат болса, елдің көркі – оны қорғайтын жауынгер. Ал Басқұншыда табиғат та бар, оны қорғайтын ел қорғаны – шекарашы да бар.

Осынау киелі мекеннің әрбір сай-саласы, әрбір көшесі батырлық пен елжандылықтың үнсіз куәсіндей. Шекара шебінде сап түзеген жауынгерлер – ел іргесінің мызғымауына қалқан болған ар-намыстың, парыздың көрінісі. Басқұншы – шекарадағы өмір мен ел алдындағы адал қызметтің жарқын үлгісі.

«Қорғас» – шебі берік шекара бөлімшесі

жүлдегері ғана емес, сонымен қатар шекарашылардың рухани әлеуетін арттыру жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Бүгінде шекара бөлімшесінде тәртіп пен жауапкершілік, ынтымақ пен патриотизм ұғымдары оның басшылығымен жүзеге асуда.

Бөлімшенің аға нұсқаушысы, кіші сержант Аслан Шаяхмет – жергілікті Надек ауылының тумасы. Ол шекара бұзушыларды ұстауда көрсеткен табандылығы үшін 2024 жылғы қорытынды бойынша шекара басқармасында «Үздік аға нұсқаушы» атанды. Қызметтік іздестіру иті – «Саянмен» бірге олар талай құқықбұзушылықтың жолын кесті. Оның қызметі – нағыз кәсібиліктің айғағы.

«Қорғас» шекара бөлімшесі қызметтік міндетін қырағы орындаумен қатар қоғамдық, тәрбиелік бағыттағы жұмыстарды да белсенді атқарады. Ауылда өткізілетін көкпар, асық ату, қыз куу секілді ұлттық ойындарға шекарашылар үнемі қатысады. Сонымен қатар, Қорғас орта мектебінде ұйымдастырылған «Жас шекарашы» үйірмесі – болашақ отансүйгіш ұрпақты тәрбиелеуде үлкен

үлес қосуда.

Ауыл әкімшілігімен бірлесіп тұрғындар арасында түсіндіру жиындары жиі өткізіледі. Әкім Ғабит Қарбаев қолдауымен ұйымдастырылған бұл шараларда шекаралық режим, ауылдағы тәртіп пен қауіпсіздік ережелері кеңінен түсіндіріледі.

Қорғас шекара бөлімі тек оқу-жаттығу емес, нақты жауынгерлік іс-қимылдарымен де ерекшеленеді. Соңғы жылдары бөлімше сарбаздары бірнеше мәрте мемлекеттік шекара бұзушыларды ұстап, заңбұзушылықтың алдын алды. Әсіресе, мамыр айында «Гоби-212Е» дабыл жүйесінен келіп түскен сигнал «Қаруға» пәрмені бойынша көтерілген шекара сақшылары шекара бұзушыны қолға түсірді. Аталған дерек қырағылық пен кәсібиліктің нәтижесі жоғары нәтижесін көрсетті.

Бүгінде «Қорғас» шекара бөлімшесі – жай ғана әскери ұжым емес, үлкен әскери отбасы. Ондағы әрбір сарбаз, әрбір офицер – ел тыныштығының тірегі, тәуелсіздік қорғаны. Олардың кәсіби даярлығы, ауызбіршілігі, әскери тәртібі мен батылдығы – жас буынға үлгі. Мемлекеттің ең шеткі нүктесінде қызмет ету – үлкен жауапкершілік, ал бұл сенімге ие болу – әрбір шекарашы үшін мәртебе. Сондықтан да Қорғас шекара бөлімшесі – «шекара шебінің қорғаны» ғана емес, Отанға деген адалдықтың көрінісі!

М.ҚАРЕКЕНОВ,
подполковник.

Қажымай көпшілікке сілтейді жол

Жапырақ жайған Сарқанның
үш шынары,
Көз тартатын көрікті саясы мол.
Үшемнің әрқайсысы бір сыңары,
Қажымай көпшілікке сілтеген жол.

Шынарға теңегенім даралығы,
Қиындыққа майысып иілмеген.
Сондықтан көптен бөлек ара-жігі,
Өркімге ондай бақыт бұйырмаған.

Тегін емес үшемге балағаным,
Бәрінің бір мақсат пен болмыстары.
Олар жаяды жақсылыққа алақанын,
Оған жауап халықтың алғыстары.

Сондықтан олар әр кез алғы шепте,
Бас-қасында жүреді қиын істің.
Бір пайдамыз тисе деп ылғи көпке,

Барлығын сарп етеді жігер-күштің.

Өмірдің көп белесін еңсерсе де,
Жалындаған жастардай қажымаған.
Қай істе, қай қиындық кездесе де,
Жол тауып, көш бастаған нағыз адам.

Айта берсе, олардың өнегесі,
Әңгіме, хикаят пен үлкен дастан.
Сондықтан құрмет тұтады үлкен-кіші,
Үлгі етіп жас ұрпаққа етеді мақтан.

Олардың көпке еткен қызыметін,
Шамамыз келгенінше бағаладық.
Жөн болар енді олардың айтқан атын,
Сипаттап, суреттеуден болса да анық.

Жетісу тегіс білетін ол – Гүлшарбан,
Татулықтың туын көкке көтерген.

Жетпісінде тағы да бір гүл жарған,
Еркек тұрмақ нардың жүгін көтерген.

Екіншісі елге мәлім Есбала,
Заманауи әжелердің басшысы.
Көнелерді көзі көрген есті ана,
Жаңалықты жаны сүйгіш жаршысы.

Мейірімді күлкі үйірілген жүзінен,
Салт-дәстүр әр сөзінің ұраны.
Даналықтың таймай жүрген ізімен,
Өзбеханның ұлға бермес Ұлжаны.

Бойларында тасып тұрған қайрат, күш,
Шынында мен үшеуіне таңғалам.
Біз оларға жете алатын емеспіз,
Талпынсақ та, жасасақ та сан қадам.

Болатхан ЕСІРКЕГЕНОВ.

ҰЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛЫ АБАЙЫ



Сарқан ауданы Көктерек ауылдық кітапханасы қазақ халқының ұлы ақыны, ойшылы, ағартушысы, ұлттық мәдениет пен руханияттың шоқ жұлдызы Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай «Ұлы халықтың ұлы Абайы» атты ұйымдастырылып жатқан 10 күндік аясында «Абай-мәңгілік ғұмыр» атты поэзиялық кеш өткізді. 180 жыл бұрын дүниеге келген дана хакім артында мәңгілік мұра қалдырды. Оның өлеңдері мен қара сөздері - халқымыздың айнасы, рухани байлығы, адамдық пен ізгіліктің өшпес үлгісі. Абайдың әрбір сөзі өмірдің мәнін ұғынуға, білім мен ғылымға ұмтылуға, әділдік пен адалдықты ту етуге шақырады. Оның асыл ойлары бүгін де өзекті, ертең де маңызын жоймайды. Бүгінгі 180 жылдық мерейтой – тек өткенді еске алу емес, ұлы ойшылдың өсиетін жаңа буын жүрегіне сіңіру, рухани қазынаны бағалау. Шара барысында Абай Құнанбаевтың өмір жолы мен шығармашылығы жайлы кеңінен мағлұмат берілді.

Қатысушылар ақынның өлеңдерін, қара сөздерін оқыды, кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Ж. БАЙБАРАКОВА,
Көктерек ауылдық
кітапханашысы.

Қоғамға бейімделу – жаңа өмірдің бастауы

Жуырда «Жанұя» отбасын қолдау орталығының мамандары, аудандық прокуратура өкілдері және мобильдік топ мүшелері бірлесе отырып, пробация қызметінің есебінде тұрған отбасыларға арнайы барды. Аталған санаттағы азаматтардың тұрмыстық жағдайымен танысып, оларды әлеуметтік жағынан қолдау мақсатындағы іс-шара аясында әрбір отбасының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы назардан тыс қалмады. Мамандар отбасы мүшелерімен жеке-жеке сөйлесіп, өмірлік қиын жағдайлардан шығу жолдарын қарастыру бойынша кеңес берді. Сонымен қатар, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсету мәселелері де назардан тыс қалған жоқ.

Жергілікті демеушілердің қолдауымен арнайы азық-түлік себеттері әзірленіп, көмекке мұқтаж отбасыларға таратылды. Бұл игі іске атсалысқан кәсіпкерлер мен белсенді азаматтарға тұрғындар алғыстарын білдірді.

«Жанұя» отбасын қолдау орталығының мамандары құқықтық, әлеуметтік көмекке жүгіну тәртібі, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу мүмкіндіктері бойынша бағыт-бағдар ұсынды.

Мұндай бірлескен шаралар ауданда жүйелі түрде өткізіліп келеді. Бұл – мемлекеттік құрылымдар мен қоғам өкілдерінің өзара ынтымақтастығының нақты көрінісі. Осындай кездесулер арқылы әлеуметтік әлсіз топтардың мәселелері елеусіз қалмай, уақтылы шешімін табуға мүмкіндік алады.

Е. БИЛЕШБАЙ,
«Жанұя» отбасын қолдау орталығының әлеуметтік қызметкері.

Хабарландыру

●Әскербек Бауыржан Мейрамбекұлының атына тіркелген NISSAN TERRANO автокөлігінің 544 AFF 19 мемлекеттік тіркеу нөмірі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●Открылось наследство после смерти гр. Дедикова Николая Ивановича, умершего 16 февраля 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Ерболаеву А.А., область Жетісу, Сарканский район, город Саркан, улица Тауелсіздік, дом №100, квартира №16.



Мейірімге толы «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

Бүгінгі қымбатшылық жайлаған нарық заманында бір баланы мектепке даярлаудың өзі ата-анаға үлкен салмақ. Ал, үйде 4-5 баласы бар ата-аналар үшін бұл тіпті де күрмеуі қиын іс. Осы тұста ата-аналарға қолдау көрсетіп, балаларды оқуға қажетті киім-кешек, құралдармен қамтуда жан-жақты көмек беріліп келеді. Соның бірі әрі бірегейі – балалардың мектепке баруын толық қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын ұйымдастырылып келе жатқан «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы.

Акция аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан мектеп оқушыларына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету мақсатында өткізіліп отыр.

Мектебімізде жыл сайын тұрақты өткізіліп келе жатқан акцияға меценаттар, кәсіпкерлер, мекеме-ұйымдар, ұстаздар мен ата-аналар, жалпы жұртшылық белсене атсалысып келеді. Соның арқасында көптеген балдырғандар мектепке толық даярлықпен баруда.

Биыл да мейірімге толы, шапағаты зор шара бір ай бойы жалғасып, талай баланың мектепке алаңсыз баруына, жан-жақты білім алуына зор септігін тигізері сөзсіз. Дей тұрғанмен еліміздің әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда, атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік танытып, әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады.

Халқымыз «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болар» дегенді босқа айтпаған. Сондықтан баршаңызды мемлекетіміздің болашағы — жас ұрпақтың білімді, саналы болуы үшін жақсылық жасауға, игілікті істер атқаруға шақырамыз!

А.СЫДЫКОВА,
Екіаша орта мектебінің
әлеуметтік педагогы.